

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 188 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 26, 247-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері" деген 5-бөлімде:

"БСН-ді генерациялау алгоритмі" деген 4-кіші бөлімде:

3) тармақшаның бесінші абзацы алынып тасталсын;

"а₆" деген бағандағы "3 - өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімше" деген сөздер алынып тасталсын;

"Бақылау разрядының мәнін есептеу алгоритмі" деген 5-кіші бөлімде: бірінші абзацтағы "бір циклда мынадай алгоритм" деген сөздер "екі циклда мынадай алгоритм" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "mod 10" деген сөздер "mod 11" деген сөздермен ауыстырылсын; төртінші абзац пен кесте алынып тасталсын;

"СН (БСН) қолдану тетігі мен аясы" деген 6-кіші бөлімде: он төртінші абзацтағы "және басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшесін салық органдарында тіркеу" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі